

FTAMP 13.09

К.С. Кырыкбаева¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ ӘН МҰРАСЫ

Андатпа. Мақалада қазақ дәстүрлі мәдениетінің көрнекті композиторы мен орындаушысы-күйші, қайталанбас тұлға Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығының ән өнеріндегі ерекшеліктері қарастырылады. Тілендиевтің ән мұрасын зерттей келе терең түсінуге, оның орындаушылық, композиторлық, құрылымы жағынан айырмашылығын, өзіндік бағыты қарастырылады. Нұрғиса Тілендиевтің ән әлеміндегі музыкасы қазақ халқының тынысымен ерекшеленетін қазақтың интонациялық әлемін түсінуге бағытталады. Мәдениеттің жаһандану заманында композитордың шығармаларының әр түрлілігі қоғамдық санаға, сезімге және талғамға, болмысқа эстетикалық көзқарасты қалыптастыруға, тұлғаны рухани құндылыққа тәрбиелеуде үлкен әсер ететіні сипаталып, композитордың вокалдық шығармашылығын қарастыра отырып қазіргі қазақ музыкалық өнерінің рухани дамуына қосқан үлесін баяндалады. Нұрғиса Тілендиевтің ән өнеріндегі шығармалары Қазақстанның музыкалық мәдениетінің ұлттық игілігі болып табылатын халық үшін баға жетпес мұра болып қала беретін шығармаларына кең анықтама беріледі.

Түйін сөздер: Қазақ мәдениеті, Нұрғиса Тілендиев, ән, вокалдық шығарма, мәдениет, мұра.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности песенного творчества выдающегося композитора и исполнителя казахской традиционной культуры, неповторимой личности – Нургисы Тлендиева. Изучая песенное наследие Тлендиева, рассматривается его исполнительская, конструктивная, самостоятельная направленность. Музыка Нургисы Тлендиева в песенном мире направлена на понимание казахского интонационного мира, отличающегося дыханием казахского народа. В эпоху глобализации культуры разнообразие произведений композитора оказывает большое влияние на формирование эстетического отношения к общественному сознанию, чувству и вкусу, бытию, воспитание личности к духовным ценностям, раскрывает вклад композитора в духовное развитие современного казахского музыкального искусства. Произведения Нургисы Тлендиева в песенном искусстве дают широкое определение произведениям, которые являются национальным

достоянием музыкальной культуры Казахстана и неценное наследие для народа.

Ключевые слова: Казахская культура, Нургиса Тлендиев, песня, вокальное произведение, культура, наследие.

Abstract. The article deals with the features of the song creativity of the outstanding composer and performer of the Kazakh traditional culture, a unique personality – Nurgisa Tlendiev. Studying the song heritage of Tlendiev, his performing, constructive, independent orientation is considered. Nurgisa Tlendiev's music in the song world is aimed at understanding the Kazakh intonation world, characterized by the breath of the Kazakh people. In the era of globalization of culture, the diversity of the composer's works has a great influence on the formation of aesthetic attitude to public consciousness, sense and taste, being, education of the individual to spiritual values, reveals the contribution of the composer to the spiritual development of modern Kazakh music. Nurgisa Tlendiev's works in song art give a broad definition to the works that are the national heritage of musical culture of Kazakhstan and an invaluable heritage for the people.

Keywords: Kazakh culture, Nurgisa Tlendiev, song, vocal work, culture, heritage.

Нұрғиса Тілендиевтің ән жанрындағы шығармашылығы қазіргі қазақ музыкасының жарқын алтын қорларының бірі. Н. Тілендиевтің ән өнеріндегі шығармашылығының құндылығы фольклор дәстүрін және қазақ мәдениетінің ауызша кәсібилігін жалғастыра отырып, дәстүрлі көркем жүйенің рухани және эстетикалық құндылықтарын жаңғыртуында. Көптеген жағдайларда оның әндерінің тақырыбы қазіргі заманға, туған өлкеге бағытталған. Сонымен қатар, Тілендиевтың вокалдық шығармашылығында қарапайым өмірлік сезімдер мен лирикалық байланыс ерекше орын алып, әндерінің ұлттық мінезі, оның ұлттық бояуы осындай артықшылығымен дараланады. Сазгер жүрегін жарып шыққан 400-ге тарта әндер мен романстар қазіргі кезде халықтың рухани азығына айналып кетті. Ұлттық нақыштағы “Достық жолы” балеті, “Алтын таулар” операсы және оннан астам көркемфильмге, спектакльдерге, отызға жуық хроникалық және мультфильмдерге жазған музыкаларының өзі бөлек зерттеулерді қажет етеді.

Нұрғиса Тілендиев өз шығармашылығында ән жанрының алдында аспаптық композицияларға композитор ерекше көңіл бөліп, әндерді бірден жазбағанын байқауға болады. Оның тікелей ұйымдастыруымен құрылған “Отырар сазы” фольклорлық этнографиялық оркестрі – қазақ музыкасын халықпен жалғастыратын алтын көпір. Ол оркестр мүшелерін іріктеу, репертуар таңдау, оркестровка жасау, ең бастысы көп ғасырлар

бойы ұмыт болып кеткен көне аспаптарды қайта жаңғыртып тіл бітіріп, әрі оны оркестр құрамына ретін тауып орналастыру ісінде үлкен зерделілік пен ерінбей еңбектенудің озық үлгісін көрсетіп берді. Оркестрдің орындау шеберлігінде соны ізденістер мен табыстардың мол болғандығы аз айтылған жоқ. Соның ішінде дыбыс бояуын әрлендіру үшін керекті жерінде оркестрге әнші даусы ән мәтінінсіз қосылуы да назардан тыс қалмады. Месқобыз, сазсырнай, шаңқобыз, сыбызғы аспаптарының оркестр сүйемелдеуімен күй орындауы көп ізденуден туған жаңалық екені сөзсіз. Дарынды суреткер көп аспаптың сан түрлі бояу-нақышты үнімен тыңдаушысын тереңге бойлатып, қиялға қанат бітіріп, жан-жүректі елжірете, сырлы сезімге батыратын сиқырлы күйлерімен және әндерімен қазақ елінің абыройын асқақтатып, даңқын арттырды[1].

Алғашқы әнін шығарғаннан кейін, бұл жанр композиторың шығармашылығында және орындаушылар мен халықтың жүрегінен ерекше орын алады. Оның ән шығармасының негізгі саласы-қарапайым өмір сезімдерін лирикалық байланыста бейнелей келе туған өлкесінің суреттейтін тақырыптарды қамтыды.

Өнертану ғылымдарының кандидаты А.Т. Айтуарова өз еңбектерінің бірінде Н. Тілендиевтің ән шығармашылығын стилистика бойынша "Фольклорлық", "Совет қоғамы кезеңіне арналған әндер" және «Қазақтың халық ән өнерінің синтезі мен Кеңес кезеңіндегі лирикалық әндердің дәстүрі» - деп әндердің жанрлық бағытын үш топқа бөліп көрсетсе, Өнертану ғылымдарының докторы С.К. Каржаубаева «Нұрғиса Тілендиев алғаш рет әнді он жеті жасында шығарған, сонан бері Нұрғисаның үйі жаққа құлақ түріп отыратын халық осы бір сиқырлы сазы «құлақтан кіріп бойды алған» тамаша композитордың сол баяғы тұла-бойы тұңғыш, студенттер әнінен бастап, әрбір қадамын бағып келеді. Оның әндерін еліміздің атақты бұлбұлдары айтады. Одақтағы ең үлкен сарайларда «Құстар-құстар» әніне халық ду қол соғады. Нұрғисаны, әсіресе, жастар жақсы көреді» - деп – композиторға арнаған өз еңбегінде жазады.

Композитордың алғашқы әні "Университет" деп аталды, оны атақты қазақ әншісі Жамал Омарова сәтті орындап, кейін ол композитордан бірнеше ән жазуды сұрайды. Осылай сазгердің "Бозторғай", "Абай арманы", "Жан-Сәуле" әндері пайда болады. Осадан кейін Нұрғиса өз халқын, Отанын, ұлт пен ұлыстардың интернационалдық байлығын салтанатты түрде құрметтейтін жоғары патриотикалық Елім жомарт", "Москва толғауы", "Бейбітшілік жыры", "Достық шұғыласы", "Бастаушымыз – партия!", "Бай дала, бақытты Ел", "Қош келдіңіз, қонақтар", "Әндерде" соғыс жоқ!", "Көгершіндер әні" сынды азаматтық шығармалар тақырыбына әндерін жазады. Композитор Ұлы Отан соғысы тақырыбында Кеңес Одағының Батыры Бауыржан

Момышұлына "Я ищущу Вас"әнін арнайды. Сазгер өзінің шығармашылығында еңбек адамдарына арналған әндерге үлкен мән беріп "Балықшы қыз", "Саржайлау", "Байтақ дала, бақытты ел", "Тыңдағы ерлерге Сәлем!", "Жас саяхатшылар шеруі" атты бірнеше шығармаларын шығарады [2].

Нұрғисаның сүйікті өлкесі мен оның табиғатын, Қазақстанның шексіз кеңістіктерін бейнелейтін "Кең дала", "Көкшетау", "Алматым менің", "Теніздегі алтын таң", "Сәлем берем Жетісуға", "Қапшағай", "Баянауыл вальсі", "Саржайлау", "Қапшағай", "Кең жайлау" сияқты шығармаларында көруге болады. Композитордың ән өнерінде дәстүрлі поэзия бейнелері ерекше орын алатын "Көзім көрді аққудың жыланын", "Келе жатыр құс қайтып", "Құстар әні"әндерінің музыкасында көрініс табады.

Тілендиевтің вокалдық шығармашылығында махаббат туралы әндер ерекше қызығушылық тудырады. Мысалы: "Асығамын мен саған", "Махаббат таңы", "Махаббат мұңы", "Жан-Сәуле", "Кел, еркем, алатауыңа!", "Тек бақытты болғайсың", "Ұмытпа", "Күә бол" әндері құмарлықты, қуаныш сезімін, үмітін, уайымын, ал басқалары керісінше тыныш эпикалық сипатқа ие, оларда қайғы-қасірет пен көңіл-күй бар. Композитордың шығармаларының арасында даналық, философиялық мәнділік туралы әндер бар. Олар: "Абай арманы", "Домбырам - досым", "Әке туралы жыр", "Әке жүрегі" болса "Студент әні", "Күндер-ай", "алтыбақан әні", "Мәңгі жастық көшесі" сынды әндері жастарға арналған. Н. Тілендиевтің көптеген ән шығармаларында вальстың интонациясы қатар жүреді, олар қазіргі қазақ лирикалық әнінің түрін: махаббат, табиғат, туған адамдар туралы суреттеледі. Композитордың вальс әндеріне Бибігүл Төлегенованың орындауындағы "Кел еркем, Алатауыңа", "Жан – жарым", "Жанарыңның жұлдызы", "Теніздетолқынында", "Бақыт вальсі" жатқызуға болады. Вальстан басқа, өз әндерінде автор басқа жанрларға – марш, элегияға көңіл бөлген "Егіншілер маршы", "Жас саяхатшылар маршы" шығармаларында марш батылдық пен жігерліктің бейнесі ретінде көрінеді. "Қанатым", "Махаббат таңы" әндерінде элегия ой, лирикалық қайғы және қайғы серігі ретінде бейнеленеді. Н. Тілендиевтің өзіне қымбат және жақын адамдарына арналған: "Әжеме", "Әке туралы жыр", "Жүрегім менің", "Қарындас", "Асыл дос", "Құттықтаймын мама, туған күніңмен!", "Айналайын, балдызым", "Ауылдағы жеңеше" сында әндері халық арасында күні бүгінге дейін орындалып жүреді [3].

Композитордың әр өлеңінде сөзбен байланысты мәнерлі әуенді естуге болады. Әндердің әуендері сирек тартымды: біріншіден, олар оңай есте қалады, өйткені интонациялық тұрғыда – жарқын сурет бар, екіншіден, әуен әрқашан әншілік кантиленділікпен ерекшеленеді. Әндердің екі бөлшекті, әннің материалдарын ешқашан қайталамайды, ал

бір бөлім екінші бөлімге біртіндеп өтеді. Шығармаларда мәнерлі және бейнелеу, бөлшектер, элементтер көп. Әдемі әуен аясында виртуозды шарықтау жарқырайды. Фольклор элементтерінен басқа, автор түрлі халықтардың әндерінің әуенді және мотивтерін еркін пайдаланады.

Н. Тілендиевтің вокалдық шығармашылығын қарастыра отырып қазіргі қазақ музыкалық өнерінің рухани дамуына композитордың қосқан зор үлесін сеніммен айта аламыз. Нұрғиса Тілендиевтің ән өнеріндегі шығармалары Қазақстанның музыкалық мәдениетінің ұлттық игілігі болып табылатын халық үшін баға жетпес мұра болып қала береді.

Пайданылған әдебиеттер:

1 Рсалдин Ж. Ән мен әлдилеп келеді // Ғасырлар сазын тербеткен. Нұрғиса Тілендиев туралы естеліктер. – Алматы, 2007. – 129 б.

2 Айтуарова А.Т. Народные традиции в массовой музыке Казахстана (на примере творчества Нургисы Тлендиева): дис...канд.дисс...: – Алма-Ата, 1992.

3 Айтуарова А.Т. «Всегда наш Нургиса Тлендиев» / Сборник статей посвящается 60-летию КНК им. Курмангазы. – Алматы, 2005.